

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вонора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАННЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒӘМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Булкбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

Қаңқаның анатомиялық қалпы толқы сақталған. Қаңқаның бас жағынан темір сынықтарының қалдығы және қола түйреуіш шықты. Қола түйреуіштің ұзындығы 21 см, бі жағы үшкір келген, екінші жағының басы доғалданып қайырылған. Қаңқаның басының астынан үйілген қара күл аралас топырақ шықты (Сурет 18).

Адам қаңқасының бас жағынан өте жақсы сақталған екі құмыра шықты. Екі құмыра да қолмен жапсырылып жасалған. бүйірі алмұрт тәріздес келген бірінші құмыраның биіктігі 22 см, ернеуінің диаметрі 9 см, түбінің диаметрі 11 см құрайды. Екінші аздап үлкендеу келген құмыраның биіктігі 38 см, ернеуінің диаметрі 10 см, түбінің диаметрі 12 см құрайды. Аталған құмыра бүйірі алмұрт тәріздес жасалғанымен, мойыны ұзын етіп қолмен жапсырылып жасалған. екі құмыра да қолмен жапсырылып асалғанымен, отта өте сапалы күйдірілген.

Қосымша құрылыс. Обаның солтүстік жағында орналасқан қосымша құрылыстың беті бір тегіс тас қабатпен жабылған. Тас қабатты ашу барысында, жерлеу шұңқырының орны анықталды. Кейбір жерлерінде жерлеу шұңқырының белгісі ретінде ірі тастар кездесті. Тастардың өлшемдері 80x35x15 см құрайды. Ірі тастарды алып тастағаннан кейін, жерлеу шұңқырының бағыты анықталды. Батыстан шығысқа қарай бағытталған. Жерлеу шұңқырының өлшемі 1,80 x 2,50 м құрайды. 15-20 см тереңдіктен басы батысқа қаратылған, шалқасынан жатқызылған адам қаңқасы шықты. Қаңқаның екі қолы да білезік тұсынан бір-біріне қосылған және аяқтары, оның ішінде тізелері де бір біріне қосылған қалпы жерленген (Сурет 19). Қаңқаның мұндай қалыпта жатуы, жерлеу алдында аяқ-қолы байланған болуы мүмкін екендігін білдіреді. Қаңқаның басынан ешқандай бұйым кездеспеді. Осы қаңқаның астынан 30-35 см тереңдіктен екінші қаңқа кездесті. Бұл қаңқа да ұзыннан, шалқасынан жатқылып, басы батысқа қаратылған. Ал беті аздап солтүстікке қарай бұрылған. Қаңқаның анатомиялық қалпы сақталған, бірақ, орталық омыртқалары мен қабырғалары және сол қолының сүйектері жоқ. Жанынан ешқандай бұйым шыққан жоқ (Сурет 20).

№7а Обасы. Аталған оба №7 обаның солтүстігінде орналасқан. Қазбаға дейінгі өлшемдері солтүстіктен оңтүстікке қарай, 8 м 70 см құрады. Аталған обаның беткі тас қабатының фотофиксациясы жасалынып, жобасы алынғаннан кейін, тас қабаты толық алынып тасталды. Нәтижесінде жерлеу орнының белгілері шықты. Жерлеу шұңқыры СБ-тан ОШ бағытқа қарай бағытталған. Тереңдеп қазу барысында, ұзындығы 3 м, ені 1 м 35 см болатын жерлеу орны ашылды. Жерлеу шұңқырының ішінде 45 см тереңдікте басы оңтүстік батысқа қаратылып, шалқасынан және ұзыннан жерленген адам қаңқасы шықты. Қаңқаның беті шығысқа қаратылған. Қаңқаның оң қолы белінің жанында, ал сол қолы белінің үстінде аздап бүгілген күйі жатты. Қаңқаның жанына ешқандай бұйым кездеспеді (Сурет 21).

Қорыта айтқанда, 2016 жылғы зерттеу жылында б.з.д. VII-VI ғасырларға тән сақ және б.з.б. III-II үйсіндердің жерлеу орнының архитектуралық құрылысы, құрылысты жүргізу тәсілдері мен құрылыс материалдары техникасы, жерлеу құрылысының ішкі құрылымы, жерлеу ғұрпы мен материалдық мәдениеті, сондай-ақ идеологиясы мен дүниетанымы жөнінде өте құнды мәліметтер алынды.

Шілікті обаларын археологиялық зерттеу сақ-үйсін тайпаларының жерлеу ғұрыптарын ғана емес, сонымен қатар, ерте көшпелілердің діни-ғұрыптық тәжірибелерін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Аталған мәселені әр қырынан зерттеу Қазақстандағы жерлеу құрылысы мен жерлеу ғұрыптарының эволюциясы мен генезисін анықтауда маңызы зор.

Тулбасиева С.К.

XIX-XX-ШЫҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ

XIX ғасырдың өне бойында қазақ даласын шарпыған азаттық қозғалыстары қазақ халқының көзі ашық азаматтарына зор ықпалын тигізбей қоя алмады. Қазақ халқының азаттық ой-пікірінің даму тарихында алғашқы заңгерлердің бірі Бақытжан Қаратаев (1860-1934) ерекше орын алады.

Орынбор гимназиясын, Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген Б.Қаратаевтың қоғамдық көзқарасының қалыптасуына сол кездегі ел өмірі әсер етті. Оның мектеп пен гимназияда оқып жүрген жылдарында патша әкімдері өмірге енгізген, қазақ тұрмысына қолайсыз тиген әкімшілік реформаларға қарсы халық толқулары өте көп болды. Мемлекеттік Думаға сайланар алдында «Орал» газетінің бетінде 1907 жылы 7 ақпанда жарияланған «Орыс халқына ашық хат» мақаласында

Б.Қаратаевтың қоғамдық-саяси бағдарламасы ашып көрсетіледі. «Орыс халқы бізге дұшпан емес, біздің онымен ортақ дұшпанымыз бар, ол-патшалық самодержавие ... біз былай ойлаймыз: ең алдымен Ресейдің өз ішінде жеке адамдарға, кабинетке, монастырларға бөлінген жерлер-жерсіз шаруаларға берілуі керек, ал күллі ел бойынша жер біткен халық меншігі ретінде танылуы тиіс. Бұл үшін елдің барша жоғарғы өкіметі халықтың өз қолына өтсін. Самодержавие құламайынша-жер мәселесі оң шешілмейді, сондықтанда біз жер үшін күресті Ресейдің барлық халқымен бірлесіп жүргізу ниетіндеміз [1,178-179-б.]. Жалпы Б.Қаратаевтың екі ғасыр аралығында азаттық ойдың дамуына қосқан үлесі мол.

Қазақ зиялыларының алғашқы топтасуы жалпы Ресейде қалыптаса бастаған әр түрлі саяси партиялардың самодержавиеге қарсы күрес жолындағы бағдарламаларымен танысу әсерінен және өз халқын отарлық бұғаудан құтқарудың жолы тек саяси күресте жатыр деп тануынан еді.

Қазақ зиялыларының алғашқы баспа бетін көрген ой-пікірлері Қоянды жәрменкесінде жазылып 14500 адамның қолы қойылып, Петербургке жіберілген Қарқаралы петициясы еді.

Алғашқы баспасөз бетін 1905 жылдың 4 қазанында «Сын Отечества» басылымының 173 санында көрген бұл петиция қазақ халқының саяси-элеуметтік өміріндегі үлкен оқиға болды [2].

Қазақ қоғамындағы саяси ой-пікірдің қалыптасып, дамуында алғашқы қазақ тіліндегі газеттер-«Түркістан уалияты» (1870-1882) және «Дала уалияты» (1888-1902) ерекше роль атқарады.

Олардың беттерінде қазақ ауылының өмірі, мәдениеті мен әдеби дамуы жайлы материалдар жарияланғанмен, азаттық ой-пікірге патшалық цензура қатаң тосқауыл қойды. Дегенмен, 1870 жылдардағы Маңғыстау көтерілісі туралы хабарлар басылды. Бұл сол кез үшін үлкен ілгерілеу еді. XX ғасырдың басындағы ерекше тарихи жаңалық, ол қоғамның азаттық ой-пікірінің дамуында зиялы қауымның бірден-бір идеялық серігі болған «Айқап» журналы (1911-1915) және «Қазақ» газеті (1913-1918) дүниеге келді. Осы басылымдардың беттерінде ауыл өмірі, азаттық қозғалысы, ұлттық саяси ой-сана туралы ең алдыңғы қатарлы мақалалар мен зиялы қауымның пікірлері жүйелі түрде беріліп отырды.

Қазақстан тарихы тарихнамасында алғашқы ұлттық басылымдар туралы әртүрлі ой-пікірлер қалыптасқан. Белгілі зерттеуші К.Бисенбиев оларға «буржуазиялық прогрессивті» бағытта деп баға берсе, ал С.Зиманов «қазақ интеллегенциясы патшалық идеология шеңберінде болды, олар ұлттық азаматтылық, отаршылдыққа қарсы идеологияға жете алмады» деп баға берді. Әрине автордың былайша бағалауына кезіндегі партиялық басшылық пен үлкен ағаның ықпалы болғаны анық. Әйтпесе, кім өзінің қайнарынан бас тартар еді. Оны уақыт пен тәуелсіздік айқын дәлелдеген жоқ па? Осы кезеңдегі елдегі экономикалық ойдың дамуын зерттеуші Д.Қабдиев қазақ басылымдарының алдыңғы қатарлы шаруашылықты жүргізу идеясын, шаруалардың арасындағы қоғамдық ой-пікірлерді қалыптастырудағы қызметіне жоғарғы баға берді. Өлкедегі марксистік ойдың дамуын зерттеуші С.Бисенбаев, өз еңбегінде жалпы баспасөздің қазақ еңбекшілерінің қоғамдық ой-өрісінің өсіп, дамуына тигізген ықпалы күшті болды деп көрсетті [3].

Баспасөз материалдарының, соның ішінде қазақ тілінде шыққан алғашқы газеттер мен ұлттық бейресми басылымдардың қазақстан тарихын жазудағы деректік мәні туралы Қ.Атабаевтың монографиялық зерттеулері жарық көрді [4].

Зерттеуші Л.Нұрғалиева баспасөз деректерін Қазақстан тарихы ақтандақтарын зерттеудегі, халықтың тарихи санасын қалыптастырудағы тарихнамасына, маңызына ерекше мән берді [5].

Сырым, Исатай, Жанқожа, Есет, Кенесарылар көтерген ұлт-азаттық күресті терең зерттеген зиялылар XX ғасыр басындағы елдегі жағдайды терең таразылап жаңа заманда тәуелсіздікке бірлік пен білім арқылы жетуді ойлады. Сол тарихи кезеңде қоғам терең дағдарыстан өркениеті жолға шығу үшін тарихи тәжірибе көрсетіп бергендей, большевиктер ұсынған жолдан алаштық интеллигенция ұсынған жол анағұрлым тиімді және азабы кем еді. Өйткені, қазақ зиялылары ұсынған балама жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, басқа өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздеді. Ең негізгісі, бұл жол қазақ еліне өзін-өзі билеуге, сөйтіп, өзінің ішкі қоғамдық мәселелерін өзі шешуге, өз жеріне өзі ие болуына мүмкіндік беретін жол еді. Әрине, мәселенің осылайша шешілуі қазақ қоғамы үшін сол даму сатысындағы барлық маңызды мәселелерді түгелдей жойылуы дегенді білдірмейтіні түсінікті. Бірақ, шынайы ұлттық мемлекеттің орнауы ғана ол үшш өркениетті дамудың алғы шарты болатын.

Кеңестік тарихнама алаштық интеллигенцияның тарихи роліне байланысты мұндай тұжырымға барғысы келмеді. Өйткені, мұндай тұжырымдама тоталитарлық жүйе идеологтары жасаған «қазақ

қоғамының ішінде оны ортағасырлық мешеулік пен дағдарыстан прогресс жолына алып шыға алатын әлеуметтік күш болған емес, бұл тарихи миссия орыс пролетариаты мен болыпевиктер партиясы үлесіне тиді» деген тұжырымға қайшы келетін еді. Қазақ демократиялық интеллигенциясы қазақ еліне өркениетті қоғамдық даму бағдарламасын ұсына отырып, өздері атқарып отырған істің тарихи мәнін жақсы түсінді. Ә.Бөкейханов 1917 жылдың жазында жазған мақаласында «кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар», - деп жазды [6, 210-6.].

Бірақ, қазақ елі 1917 жылы олар ұсынған жолға түсе алған жоқ. Ал болыпевиктер партиясы ұсынған даму жолы қазақ елі үшін азабы мол жол болды. Ол үшін қазақ демократиялық интеллигенциясының ешқандай кінәсі жоқ, туған елінің бостандығы үшін күрескен оның өзі де империялық зорлықтың құрбаны болды.

Алашорда өкіметі қазақтың ұлттық мемлекетін құру жолындағы алғашқы, аса қажетті, өмірдің өзінің сұранысынан туындаған нақты қадам еді.

XX ғасырдың басындағы қоғамдық ой-пікірлердің дамуында, жалпы қазақ қоғамының даму тарихында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов есімдері ерекше аталынады. Көп жылдар бойы белгісіз болып келген, қазақтың ақыл-ой кемеңгерлерінің мұралары бүгінде халық қазынасына айналып, олардан азатық күрес ойының, идеологиясының сан-қырлы жауабын алуға болады [7].

XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Бір жағынан, ескі, күні өткен феодалдық қатынастар өзінің барлық даму қуатын тауысып, қоғамдық өсіп-өну деңгейіне айналса, екінші жағынан, оларды ауыстыра аларлық жаңа қоғамдық қатынастар әлсіз күйде еді. Елдегі мұндай ауыр жағдайды ресейлік империализмнің отарлау және орыстандыру саясаты терендете түсті. Осындай жағдайда қазақ елінің болашағы үшін қоғамдық күреске жаңа саяси-әлеуметтік күш-ұлттық интеллигенция араласа бастайды. Барлық көрінісі жағынан қазақ қоғамы үшін өтпелі кезең болған сол уақытта тарих сахнасына көтеріліп, бас-аяғы жиырма жылға созылған қысқа мерзім ішінде өшпес із қалдырған бұл ұлт зиялылары кімдер еді, олар еліміздің тарихында қандай орын алмақ. Бұл тақырыпты зерттеу қажеттілігі бүгінгі қоғамдық өмір сұранысынан соған сай таным құралы ретінде тарих ғылымының табиғи болмысынан туындайды. Біз Ресей империясына, оның құрамдас бөлігі Қазақстанға 1917 жылы большевиктер ұсынған даму жолының сәтсіз аяқталғандығының куәсі болып отырмыз. Осындай жағдайда қазақ демократиялық зиялы қауымының 1917 жылғы желтоқсанда ұсынған даму бағдарламасының қайтадан еске түсуі ғасыр басындағы ұлт зиялылары тұжырымдарының өмірлік негізі күштілігінің, олардың бағдарламалық ұсыныстарының өміршендігінің көрінісі болса керек. Тарих ғылымында соңғы уақытқа дейін қазақ қоғамында қазан төңкерісі қарсаңында оны феодалдық мешеулік пен отарлық тәуелділіктен алып шығатындай саяси-әлеуметтік күш болған жоқ деген тұжырым етек алып келді. Бүгінде біз осының дұрыс-бұрыстығын анықтауға міндеттіміз.

Ірі ғалым лингвист, әдебиет зерттеушісі, тюрколог қазақ зиялыларының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) аса көрнекті қоғам қайраткері еді.

А.Байтұрсынов «Қырық мысал», «Маса» секілді өлеңдер жинағын шығарған, халқының арман тілегін, өкініш-күйінішін әдемі сөз нақылына түсіре білген, өзіндік өмір бағыты бар қазақ зиялысы еді. Оның «Қазақ», «Айқап» басылымдарында жарық көрген «Қазақ жерін алу туралы», «Низам», «Қазақ һәм 4-ші дума», «Жауап хат» (Жанша Сейдалинов мырзаға), «Шаруа жайынан», «Досмайыл қажыға ашық хат», «Губернатор өзгертілуі», «Земство», «Бас қосу турасында», «Бұл заманның соғысы» атты мақалалары ғасыр басындағы қазақ ақыл-ойының биік шыңы болды.

Ахмет Байтұрсыновпен қанаттас, халықтың қамын жеп баспасөз бетінде жан айқай білдірген Әлихан Бөкейханов (1866-1937) еді. Ә.Бөкейханов туралы жазылған ғылыми еңбектерде, оның қоғамдық ой-пікірі нақтылы талданады [8].

Әсіресе, «Думадағы партиялар», «Үшінші Дума һәм қазақтар», «Петербург хаты» атты мақалаларында және кейін 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс туралы жазбаларында Әлихан Бөкейханов қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресінің мақсаты дербес мемлекет құру деп білді. Оның осы бағыттағы ой-пікірлері «Қазақ» газеті бетінде «Петербург хаты» деген айдармен «Қыр баласы» деп қол қойылып үнемі жарияланып тұрды. Ә.Бөкейханов өзінің «Алаш ұлына» атты мақаласында тәуелсіздік үшін жүргізген халық қозғалыстарына ерекше мән береді [6].

Азаттық ойдың даму тарихында Міржақып Дулатовтың (1885-1935) алатын орны ерекше.

Дулатовтың таланты езілген қазақ халқының тарихи аренаға шыққан революциялық азаттық

күрестеріне дәлме-дәл келді. М.Дулатов «Біздің мақсатымыз» атты мақаласында елінің жағдайына, Ресей отарлаушы әкімшіліктерінің озбырлықтарын жаны жылап отырып жазады. «Ең алдымен қазақ халқы-Россияға тәуелді халық. Оның ешқандай правосы жоқтығы ызамен кек туғызады. Халық күйзелісін жан тәнімен сезінген сандаған адам есепсіз қаражат шашып Петербургке жол тартып, министрлердің табанын тоздырды. Бірақ оған құлақ асқан министр болмады. Ал қазіргі жағдайымызға көз жіберсек, сол мәртебелі министрліктер тағайындаған түрлі чиновниктер, стражниктер, урядниктер солардың пиғылдарын жүзеге асыру үшін қазақ жерінің төріне аттанып жатыр» [9]. М.Дулатовтың алғашқы ірі шығармасы 1909 жылы Уфа қаласынан шыққан «Оян, қазақ» атты кітабы еді. Осы кітапқа кірген өлең-жырлары теңдік, бостандық, еркіндік үшін күреске үндеді. 1914 жылы оның «Азамат» атты кітабы Қазаннан басылып шықты. 1915 жылы Орынбордан «Терме» атты жинағы да жарық көрді. Осы еңбектерінде М.Дулатов халқының бостандық үшін күресін әрқашан ту ретінде көтеріп, бітіспес күреске үндейді. «Қазақ халқы. Қазақ халқының жай-күйі. Кім жеріне жете тексереді, қан жылап жүрген қайғылы халін жүрекпен сезіп кім ескереді. Ақ патшаның отарлау әмірі бұл халықты қара табан етіп жерге қаратып, көрге қаратып жұтатып бітсе, сарайдағыларды алтынға малып, аруағын көтере түсті. Осылардың бәрін көріп, біліп, сезініп өскен мен өзімнің азғантай білімімді осынау қорланған халқыма бағыштап қол ұшымды беруді перзенттік парызым деп санадым» [10, 106-107-б]. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының бірі, көрнекті қаламгер Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931) азаттық ой-пікірдің дамуында өзіндік із қалдырған тұлға. Ж.Аймауытов өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер оның қоғам дамуындағы азаттық шығармаларын жоғары бағалады [11].

Ж.Аймауытов белгілі тарихшы Покровскийдің «Төңкеріс тарихы», «Орыс тарихы» еңбектерін аударып қана қоймай, Абылайхан, Кенесары және қазан төңкерісіне дейінгі ұлт-азаттық қозғалыстар туралы мол деректер жинаған. Ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дамуының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаев (1893-1938) ерекше үні бар азамат еді. М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер, оның қазан төңкерісіне дейінгі жазылған «Қойлыбайдың қобызы», «Оқ жетпестің қиясында», «Түркістан», «Орал», «Есімде тек таң атсын» шығармаларында азаттық ой-пікірлер бідіреді деп көрсетеді [12]. Бұл шығармаларда Ресей отаршылдығы, қазақ хандарының ерен еңбегі, азаттық қозғалыстары, қазақ халқының бостандық идеясы ашып көрсетіледі. Жаңа XX ғасырдың басында халқымыздың тарихын жазуда, әсіресе азаттық күрес тарихын ұлттық таным негізінде баяндауда Мұхамеджан Тынышпаевтың (1879-1937) қосқан еңбектері мол. Әсіресе, кеңес дәуірінде қазақстан тарихы туралы жазылған алғашқы еңбектің авторы Чулошниковтің кітабына тарихи ой-пікір білдіреді. Онда қазақ тарихын отаршылдық көзқараста жазылды дей отырып, тарихты жазғанда белгілі тарихи тұлғаларға көп мән беруі керек дейді. «Қазақ-қырғыз халқы тарихына материалдар» атты зерттеуінде М.Тынышпаев қазақ руларының, жүздерінің тарихына мән береді. Беріш руы генеологиясында Исатай батырға ерекше тоқталады [13, 62-б].

Қазақ қоғамының дамуында ұлттық сана-сезімнің толысып жетілуінде XX ғасыр басы ерекше есте қалады. Азаттықты ту етіп көтерген алаштың белгілі ұлдары өз күрес теорияларында халқымыздың өткен күрес жолдарының тарихи тәжірибелерін байытып жаңа кезеңге пайдалана білді.

Жалпы, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы қазақ қоғамында азаттық ой-пікірлердің дамуында ерекше кезең болғаны анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қойшыбаев Б. Бақытжан Қаратаев. Алматы, 1993. 178-179-б.; Мұхтарова Ф. Қазақ халқын отарлауға қарсы күресті зерттеудегі Қазақстан тарихшыларының алғашқы үлесі // Поиск. 1995. N5, 42-54-б.
2. Қазақ. А. 1993, 14-б.; Қойгелдиев М. Оянған сана үні // Ана тілі. 1990. 12 сәуір.
3. Қазақстан тарихы. Очерктер. А., 1994. 260-б.; Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. 47-б.; Бисембиев К. Идеино-политические течения в Казахстане конца XIX и начала XX веков, с. 8-9;
4. Атабаев Қ. Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Док. дисс. автореф. Алматы, 2000; Соныкі. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі. А., 2000; Соныкі. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. А., 2003.
5. Нұрғалиева Л. Тарих және баспасөз. А., 2000.
6. Қойгелдиев М., Ә.Бөкейханов. Шығармалар. А., 1994, 210-б.
7. Байтұрсынов А Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. А., 1989; соныкі: Жан сөзімді кім түсінер? А., 1994; соныкі: Тіл тағылымы. Алматы, 1992; Бөкейханов Ә. Шығармалары. А., 1994; Дулатов М. Шығармалары. А., 1991; Жұмабаев М. Шығармалары. 3 томдық, 1-том. А., 1989.
8. Домбай Н. Арыстар // Егеменді Қазақстан. 1992. 1 қыркүйек; Қазақ әдебиеті. 1996. 25 маусым; Ана тілі.

1992. 23 сәуір.

9. Дулатов М. Шығармалары. А., 1991. 211 бет.

10. Досжанов Д. Абақты. 106-107-6.

11. Қирабаев С Жүсіпбек Аймауытов. А., 1990; Досжанов Д. Абақты. 44-92-6.; Бес арыс. 376-454-6.

12. Елеукенов Ш. Мағжан Жұмабаев. А., 1990; Келдібаев З.А., Исаханова Ф.Т. Азап пен мазақ // Егеменді Қазақстан. 1996. 26 қаңтар; Бес арыс. 264-376-6;

13. Тынышпаев М. История казахского народа. А., 1993. его же: Материалы к истории киргиз-казахского народа. А., 1990. с.62.

Түлекова М.К.

ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған алғашқы күнінен бастап көші-қон мәселесіне ерекше көңіл бөліп келе жатыр. Еліміздің миграциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ел ішіндегі және сыртқы көші-қонды реттеп отыру негізгі мәселелердің бірі болып саналады.

Көші-қондық процесс XX ғасырдың 90-жылдары Кеңес Одағы ыдыраған кезде өте жоғары сатыға жетті, ол сол кезеңдегі барлық бұрынғы КСРО-ның құрамында болған мемлекеттерге тән болды. Қазақстан Республикасындағы көші-қондық процесс өзінің бастамасын одақ тарамай тұрған кезеңде-ақ алған еді, одақ тараған кезде ол жоғары сатыға көтерілді. Себебі шығыс славяндық отарлаудың көп жылдарға созылған кезеңі, аймақта жүргізілген әкімшілік-басқарушылық және күштеу құралдары арқылы көптеген халықтарды өз отандарынан күшпен қоныс аудару кезеңі аяқталған соң –ақ енді олар өздерінің бұрынғы отандарына қайта бастады, ол заңды да процесс еді. Тек өтпелі кезең кезінде пайда болған экономикалық қиындықтар бұл процесті тездетті. Ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс, өнеркәсіптердің жабылып қалуы, жұмыссыздықтың өсуі, бағаның өсуі республикадағы халықтардың әлеуметтік жағдайының нашарлауына, олардың өз өмірлеріне риза болмауына алып келді. Осының нәтижесінде келіп республикадан сыртқа қоныс аударушылардың саны өсті. Сондықтан да Қазақстандағы көші-қондық процестің негізгі себептерін атаған кезде бірінші орында экономикалық себептер (28,4 %) тұрады. Оған қосымша болған себептерді де жоққа шығаруға болмайды. Олардың қатарына жататындар басқа жерлерде болып жатқан ұлттар арасындағы келіспеушіліктердің Қазақстан жерінде де болуы мүмкін деген баспасөз беттерінде берілген жалған хабарлар, осы себептен Қазақстаннан кеткендер 13,4 %, егемендігін алған Қазақстан Республикасының өзінің құжаттарын мемлекеттік тілге өткізе бастауынан-6% болды.[1,14] Қазіргі таңда көші-қон процесі тек Қазақстанда ғана емес бұрынғы КСРО-ның құрамында болған мемлекеттерге көп әсер етуде. Саяси жағынан зерттей келіп оған көп әсер еткен бұрынғы КСРО-ның ыдырауы деп айтуға болады. КСРО-ның ыдырауына байланысты көптеген ұлттар өздерінің егемендігін жариялады, өз тілдерін мемлекеттік тіл деп жариялады, ал осы уақытқа дейін үстемдік етіп келген ұлт-орыстар басқа ұлттармен тең болып қалды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасында пайда болған этносаяси жағдайға көңілері келмеген көптеген орыс халқы және орыс тілдестер Қазақстаннан Ресейге қоныс аударды, басқа да КСРО құрамында болған республикаларға кете бастады. Көші -қон кезінде көптеген маман кадрлардың кетуі өндірістің жұмысына кері әсер етті. Оны түсіну үшін көші-қонға әсер ететін факторларды білуіміз қажет. Бірінші экономикалық фактор. Жан басына шаққандағы түсім, оны бөлудегі теңсіздік. Тұрмыс жағдайының төмендеуі, кедейлену. Экономиканың құлдырауы, инфляция, ірі өнеркәсіп орындарының жабылуы, жұмыссыздық. Қазақстаннан көшуге субъективті факторлардың да әсер еткенін теріске шығаруға болмайды. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы басқа республикаларда болып жатқан ұлтаралық жанжалдар жайлы хабарлардың таратылуы тұрғындар арасында мұндай ахуал Қазақстанда да қалыптасуы мүмкін деген күдік тудыра бастағанды. Әсіресе ірі өнеркәсіп орындарында көші-қондық процесс жоғары болды. Соның бірі Алматы қаласы. Халықтың көпшілігі тұрмысқа қажетті өнімдер шығаратын өнеркәсіптерде жұмыс істегендер. Екінші фактор экологиялық. Арал теңізінің аймағынан, Семей полигоны аймақтарынан халықтың көптеп қоныс аударуы. Халықтың өмір сүруіне қолайсыз жағдайдың тууынан. Демографиялық фактор. Алыс және жақын шет елдерде туыстары мен жақындарының тұруы, бұрынғы отанына қайтуы. Кейінгі кезде керісінше, Қазақстан экономикалық тұрақсыз аудандардан халықтың көптеп қоныс аудару орнына айналып отыр. Әсіресе тәжік-ауған шекарасынан. Оның ішінде тәжіктер өз бетімен келіп оңтүстік және оңтүстік-шығыс жерлерге орналасуда. Әлеуметтік-тұрмыстық фактор. Әлеуметтік қызмет көрсетудің